# ҰЛДАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

**Өткізілген күні:** 20 қаңтар 2026 жыл

**Мектебі:** Жаңажол жалпы білім беретін мектебі

**Өткізілген орны**: Мектеп мәжіліс залы

**Жиналыс түрі:** Ұлдар жиналысы

**Қатысқандар:** 7–11 сынып ұлдары

**Төраға:** Ұлдар ұйымының жетекшісі – Ахметов Еркеғали

**Хатшы:** Бақтыбай Мелет

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Ер-азамат атына лайық бол» тақырыбында тәрбие жиналысы

ЖИНАЛЫС БАРЫСЫ

Жиналысты ұлдар ұйымының жетекшісі Ахметов Еркеғали ашып, жиналыстың мақсатымен таныстырды.

Ол 7–11 сынып ұлдарының жауапкершілігі артып келе жатқанын, ер азаматқа тән мінез-құлық, тәртіп, еңбекқорлық, намысшылдық сияқты қасиеттерді қалыптастырудың маңызын атап өтті.

Сөз сөйлеген ДТЖО Шерімбетова Бану ұл балалардың қоғамдағы рөліне тоқталып, ер азамат болудың басты қағидалары – тәртіп, білім, мәдениет және жауапкершілік екенін айтты. Сонымен қатар құқық бұзушылықтың алдын алу, мектеп ережесін сақтау, зиянды әдеттерден аулақ болу жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ұйымдастырушы педагог Байғанаева Динара ұлдардың бос уақытын тиімді пайдалану, спортпен шұғылдану, мектепішілік іс-шараларға белсенді қатысу қажеттігін атап өтті. Ол ұл балалардың болашақ мамандық таңдауда да саналы шешім қабылдауы керектігін айтты. Сөйлеген оқушылар ер азаматқа тән қасиеттер туралы өз пікірлерін білдіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, Отанға адал қызмет ету әрбір ер баланың азаматтық борышы екенін жеткізді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 7–11 сынып ұлдары арасында тәрбиелік жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу.

2. Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау қатаң бақылауға алынсын.

3. Ұлдардың спорттық және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

4. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.

5. Ұл балаларды жауапкершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу жалғастырылсын.

Төраға: ____________________ Ахметов Еркеғали

Хатшы: ____________________Бақтыбай Мелет









# АНЫҚТАМА

Осы анықтама 2026 жылдың қаңтар айында жалпы білім беретін мектептің 9–11 сынып оқушыларына арналған АӘТД (Алғашқы әскери және технологиялық дайындық) пәні аясында өткізілген дене даярлығы сабақтарында «Шалқалай жатып денені көтеру» жаттығуының орындалғанын растау үшін берілді.

Аталған жаттығу оқушылардың іш бұлшықеттерін дамыту, физикалық төзімділігін арттыру, дене дайындығын бағалау мақсатында өткізілді. Жаттығу АӘТД пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, белгіленген әдістеме бойынша орындалды.
Жаттығуды орындау барысында оқушылардың жас ерекшеліктері мен дене мүмкіндіктері ескерілді. Бағалау кезінде орындау техникасы мен жаттығу саны назарға алынды.

Пән мұғалімі: Ахметов Еркеғали

Пәні: АӘТД

Күні: 2026 жыл, қаңтар





# АНЫҚТАМА

Осы анықтама 2026 жылы қаңтар айында Жаңажол ЖББМ базасында «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысына қатысушы оқушыларға қоян-қолтық жекпе-жек әдістерін көрсету және үйрету жұмыстарының жүргізілгенін растау үшін берілді.
Сабақ барысында жас сарбаздарға қоян-қолтық жекпе-жектің негізгі элементтері түсіндіріліп, тәжірибелік түрде көрсетілді. Атап айтқанда:

қарсыластан қорғану және шабуылдан жалтару тәсілдері;

қолмен және аяқпен жасалатын қарапайым соққы әдістері;

қарсыласты тепе-теңдіктен шығару;

ұстап алу, босану және жерге жығу элементтері;

қауіпсіздік ережелерін сақтау талаптары үйретілді.

Сабақтың негізгі мақсаты – жас сарбаздардың физикалық дайындығын арттыру, өзін-өзі қорғау дағдыларын қалыптастыру, тәртіпке, батылдыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу болды.
Іс-шара жоспарға сай ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысып, берілген тапсырмаларды талапқа сай орындады.

Ұйымдастырушы: Ахметов Еркеғали
Лауазымы: АӘТД пәні мұғалімі





# АНЫҚТАМА

Осы анықтама 2026 жылдың қаңтар айының айлық жоспарына сәйкес жалпы білім беретін мектептің 10–11 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған қол күресі (армрестлинг) жарысының өткізілгенін растау үшін берілді.

Аталған жарыс оқушылардың күш-қуатын, төзімділігін, спорттық шеберлігін арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілді. Жарыс белгіленген ереже мен қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылды.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаз атанған оқушылар:
– Жайлаухан Бақдаулет
– Токтыбай Айбек
– Баймырза Дінмұхаммед
– Мырзатай Руслан

Пән мұғалімі: Ахметов Еркеғали

Пәні: АӘТД

Күні: 2026 жыл, қаңтар






**«Жасөспірімдер арасындағы әлімжеттіктің зорлық-зомбылықтың, қатігездіктің алдын алу»**

**Мәліметі**

«Жас өспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жалпы мектептік жиналыс өткізілді.
Іс-шараның мақсаты — оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, зорлық-зомбылықтың түрлері мен оның алдын алу жолдары туралы түсінік беру, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

Жиналысқа: ДТІЖО,мектеп медбикесі, АӘД- пән мұғалімі,әлеуметтік педагог пен психолог қатысты. Оқушыларға зорлық-зомбылықтың зиянды әсері, буллинг кибербуллинг, жөсөспірімдер арасындағы құқық бұзушылытың алдын алу, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы зорлық түрлері туралы ақпарат беріліп, нақты мысалдар арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
Іс-шара оқушылардың белсенді қатысуымен өтті. Ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, сұрақ-жауап түрінде қорытындыланды.






**«Жасөспірімдер арасындағы әлімжеттіктің зорлық-зомбылықтың, қатігездіктің алдын алу»**

**Мәліметі**

«Жас өспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жалпы мектептік жиналыс өткізілді.
Іс-шараның мақсаты — оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, зорлық-зомбылықтың түрлері мен оның алдын алу жолдары туралы түсінік беру, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

Жиналысқа: ДТІЖО,мектеп медбикесі, АӘД- пән мұғалімі,әлеуметтік педагог пен психолог қатысты. Оқушыларға зорлық-зомбылықтың зиянды әсері, буллинг кибербуллинг, жөсөспірімдер арасындағы құқық бұзушылытың алдын алу, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы зорлық түрлері туралы ақпарат беріліп, нақты мысалдар арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
Іс-шара оқушылардың белсенді қатысуымен өтті. Ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, сұрақ-жауап түрінде қорытындыланды.







